

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

«ЖАН» МУЛЬТФИЛЬМІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ АУДАРЫЛУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нурмаганбетова Макпал Рашидовна

makpaln99@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультеті, Аударма теориясы
мен практикасы кафедрасының 2-курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Муратова Г. А.

Қазіргі уақытта ақпараттың негізгі көзі болып табылатын визуалды контент өмірдің талаптарына сай қарқынды даму үстінде. Балалар әдебиетінің ірі арнасы ретінде қарастырылатын анимациялық мультфильмдердің рөлі аса маңызды екендігі ескеріліп, балаларға сапалы, әрі мазмұнды мультфильмдердің қолжетімді болу мәселесі қолға алынды. Осыған орай 2021 жылдан бастап Ақпарат және қоғамдық даму министрілігінің қолдауымен балаларға қазақстандық мультфильмдермен қоса, «Disney», «Nickelodeon» және «Tiji» танымал арналарының шетелдік мультфильмдері қолжетімді болу мақсатымен қазақ тіліне аударылуда. Сәйкесінше мультфильмдердің аудармасымен айналысатын маманның алдына ерекше талаптар қойылады: анимациялық фильмдердің кейіпкерлері көп жағдайда экспрессивті тілмен сөйлейді, яғни аудармашының сөздік қоры ерекше бояулы сөздерге бай болуы тиіс. Сонымен қатар, техникалық ерекшеліктерді де ескеріп кеткен жөн: аударма мәтіні экрандағы кейіпкерлердің артикуляциясымен және мимикасымен синхрондалған болуы талап етіледі.

Жоғарыда айтылған ақпаратты ескере отырып, аудиовизуалды материалдарды, сондай-ақ олардың аудармасының нақты болуын зерттеудің маңыздылығы соңғы жылдары аса қолға алынуы қажет мәселе болып отыр. Барселона Автономды Университетінің (Universitat Autònoma de Barcelona) профессоры Пилар Орейро фильм аудармасы аударманың ең ерекше бағыттарының бірі екенін атап өтеді. Ондай аударма елдің тілдік және мәдени кеңістігіне ғана емес, сонымен қатар тапсырыс беруші студияның немесе жеке тұлғаның талаптарына сай болуы керек [1].

Иркутск мемлекеттік университетінің филология, шет тілдері және медиа коммуникация институтының профессоры, филологиялық ғылымдар докторы Вера Евгеньевна Горшкова атап өткендей, отандық тілге аударылған шетелдік фильмдер кинотеатрларда көрсетілетін болса, аудармашының арқасында «жіберуші-көрермен» тізбегі айтарлықтай ұзарады [2]. Аудармадағы қателер, сондай-ақ сапасыз аударма фильмнің басқа тілдік мәдениеттегі көрермендерінің қабылдауына әсер етуі мүмкін. Осылайша, субтитр аудармашылары аударманың адекваттылығы мен эквиваленттілігі мәселесіне тап болады. Аударма сапасын арттыру мәселесі мұқият зерттеуді және жаңа аударма шешімдерін іздеуді талап етеді.

Мақаланың тілдік дереккөзі ретінде «Жан» мультфильмі алынды. Мультфильмді қазақ тіліне аудару барысында фразеологиялық бірліктердің аударылу тәсілдерін қарастыру ізденіс жұмысымыздың басты мақсаты болып табылады.

Кинозерттеуші Виталий Жданның пайымдауынша, фильмдегі диалог қосымша құрал емес, диалог – фильмнің ажырамас бөлігі, яғни сөз бен әрекет бірін-бірі толықтырады [3, 221]. Осыған байланысты анимациялық фильмдердің тілін зерттеу негізінен кинодиалогты зерттеу, біздің жағдайымызда диалогтардағы фразеологиялық бірліктерді зерттеу болып есептеледі. Кинодиалогтың негізгі функцияларының бірі – кейіпкерлердің табиғатын, мінезін ашу, сол арқылы оның негізгі қызметі болып табылатын көрерменге әсер ету қабілеті жүзеге асады.

Мақаланың кіріспе бөлімінде айтылып кеткендей, мультфильмдердің басым аудиториясы – балалар мен жасөспірімдер, бұл сценарист үшін де, аудармашы үшін де үлкен жауапкершілік.

Қазіргі қоғамды алаңдататын мәселелердің бірі – заманауи мультфильмдердің лексикалық мазмұны оларға жүктелген тәрбиелік міндеттеріне сай болмауы. Анимациялық фильмдердің тілі мәдени тұрғыдан жетілмеген деген пікір аса кең таралған: балалардың жасына және олардың даму деңгейіне сәйкес келмейтін дөрекі, жаргон сөздерді қолданатын кейіпкерлері бар мультфильмдердің саны аз емес, оған қоса балаларға түсініксіз, тіпті кейді «тыйым салынған» тақырыптарды қозғайтын мультфильмдер де соңғы жылдары көбейіп кетті. Мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау қабілеттері әлі толықтай қалыптаспағандықтан, олар өздерінің сүйікті мультфильм кейіпкерлеріне електеу мақсатымен сөздік қорларын теріс коннотативті сөздермен толықтыру әбден мүмкін.

Кейіпкерлердің образын жасауда тілдік құралдар маңызды рөл атқарады. Кино тілінде бір-біріне қарама-қарсы болып келетін стандартты және экспрессивті құралдар бірдей қолданылады. Филологиялық ғылымдар кандидаты Оганесова Юлияның түсіндіруіне сүйінсек, стандартты тілдік құралдар көрерменге өзіне таныс ортаны сезінуге мүмкіндігін береді, яғни үйреншікті клише, тұрмыста қолданылатын сөздер – фильмдердің ажырамайтын бөлігі [4, 17]. Дегенмен, кез келген автор өз оқырманына/көрерменіне эмоционалды тұрғыдан әсер етуге ұмтылады. Бұған қол жеткізудің ең сәтті жолдарының бірі – кейіпкерлердің бейнелі, мәнерлі сөйлеуі, әдетте, тілде «номинативті емес, прагматикалық функцияны көбірек орындайтын» фразеологиялық бірліктердің жеткілікті жиі қолданылуымен сипатталады [5, 152].

Бастапқы тілдің фразеологиялық бірлігінің мағынасын ғана емес, сонымен бірге осы бірліктің эмоционалдық бояуын дәл жеткізе алатын дұрыс және барабар фразеологиялық бірлікті таңдауда қиындықтар туындау мүмкін, осыған байланыста аудармашы өзінің таңдауына қарай аударманы фразеологизммен ұсынбай, қарапайым сөз тіркесімен жеткізе алады. Оны жүзеге асыруда сипаттау, нақтылау немесе жалпылау әдістерін қолданады. Мақаланың тілдік дереккөзі болып табылатын «Жан» мультфильмінің түпнұсқасында кездесетін фразеологизмдердің аудармасын қарастырайық:

«*After all these years, my prayers have been answered*» – «Тәуба, неше жылғы дұға тілегім қабыл болды». Түпнұсқада берілген үзінді ағылшын тіліндегі идиома болғанымен, қазақ тілінде аудармашымен ұсынылып тұрған нұсқаны фразеологизмге жатқызу қиын, дегенмен олар бір-біріне толық эквивалент болып табылады. Анықтамалықтар мен сөздіктерді шығарушы Merriam-Webster американдық компанияның ресми веб-сайтында жарияланған анықтамаға сүйінсек, түпнұсқадағы «*Someone's prayers have been answered – the thing someone has been praying for has taken place*» деген мағынаға ие [6], яғни бұл фразеологизм «дұға еткеннің орындалуын» білдіреді, ол қазақ тіліндегі аудармада ұсынылғандай «дұға қабыл болды» деген тіркеспен мағыналас.

Келесі үзіндіде ағылшын тілінде кең таралған «million bucks» идиомасын байқаймыз: «*Just make sure you show up looking like a million bucks, all right?*» – «Бастысы клубқа сықыып киініп келіңіз, жарай ма?». «Looks like a million bucks» тіркесі біреудің ерекше тартымды, стильді немесе қымбат көрінетінін білдіретін идиоматикалық өрнек. «A million bucks» немесе «a million dollars» фразеологизмдерін сөзбе-сөз аударуға болмайды, себебі олар үлкен байлық немесе жоғары құндылық идеясын жеткізу тәсілі ретінде қолданылады. Бұл фразеологизмнің негізінде гипербола да жатқандығын байқаймыз, мәселен «миллион долларға ұқсайды» дей отырып біз белгілі бір тұлғаның өте сәнді және қымбат киінуге қаржылық мүмкіндіктері жеткілікті екенін білдіру үшін қолданамыз, ол тұлғаның киген киімінің құны бір миллион долларға тең емес екендігі айқын. Осылайша түпнұсқа сөзбе-сөз аударуға келмейтінін ұйғарамыз, өйткені ол қазақ қоғамына таныс емес тіркес, сондықтан аудармашы отандық тілдегі эквивалентті ұсынып (сықыып киіну – сәнді киіну), өте сәтті аударма жасағандығына көзіміз жетеді.

«*Now, now, everyone, let's give the mentor some room*» – «Әй, әй, қойыңдар, тәлімгерді

мазаламандар» үзіндісінде сөзбе-сөз «бөлме ұсыну» деп аударылатын «to give some room» фразеологизмін байқаймыз. Бұл мысалда фразеологизм «жеке кеңістікті бұзбау» мағынасында қолданылған. Қазақ тіліндегі нұсқаға көңіл бөлетін болсақ, аударма баламалы болып шыққандығын аңғарамыз, мәселен бұл үзінді алынған эпизодта сәби-жандар тәлімгерге шектен тыс сұрақтар қойып, шын мәнінде оның мазасын алып жатқан еді, ал бұл реплика ментордың сәби-жандарға айтқан ақылы. Алайда қазақ нұсқасында фразеологизм қолданылмағандығын байқай аламыз, сондықтан фразеологизм аудармада да фразеологизм болып қалу мақсатында қазақ тіліне «Әй, әй, қойыңдар, тәлімгердің мазасын алмаңдар» деп аударуға болатын еді.

Ұқсас жағдай келесі үзіндінің аудармасында орын алады: «*They're gonna think you're nuts*» – «Олар сені жынды деп қалады». Кембридждің онлайн сөздігіне жүгінсек, «you are nuts» (сөзбе-сөз «сен жаңғақсың») идиомасы «сен жындысың» мағынасына ие [7], яғни аударма – баламалы, түпнұсқа да, аударма да теріс коннотацияға ие. Онлайн этимологиялық сөздікте жарияланған түпнұсқадағы фразеологизмнің пайда болу тарихына сәйкес, «nuts» («жаңғақ») сөзі «жынды» мағынасына ие болуы өз бастауын ХІХ ғасырда алады: ол кезде адамның миын метафоралық түрде жаңғаққа теңеген болатын [8]. Ал 1908 жылы алғаш рет «Mutt and Jeff» атты американдық газет комиксінде «to be off one's nut» идиомасы қолданылған еді [9]; оның мағынасы – мидың жетпеуі, бастың қатуы. Кейіннен бұл идиома қысқарып, қазіргі таңда жиі қолданылатын «nuts» сын есіміне алмасты. Аудармашының ұсынған нұсқасы дұрыс, дегенмен аударманың экспрессивтілігін сақтап қалу үшін, оны фразеологизм ретінде ұсынуға болар еді, яғни «Олар сені есіңнен ауысқан/танған деп қалады».

Толық эквивалент болып табылмайтын, бірақ сәтті аудармалардың бірі ретінде келесі үзіндіні мысалға келтірсек болады: «*Hey, take it easy, eh?*» – «Әй, көзіңе қарамайсың ба-ей?». Негізінен «take it easy» идиомасы мағынасы жағынан амбивалентті, яғни мәнмәтінге қарай оң немесе теріс коннотацияға ие бола алады. Мысалы, сабыр бол, тыныштал, асықпа, уайымдама, жүрегіңе жақын қабылдама. Бұл жағдайда аударманың қай нұсқасы ең жақын екендігін анықтауда мәнмәтінге көңіл бөлеміз: асығып бара жатқан кейіпкер көшедегі адамды қағып кетеді, салдарынан осындай жауап алады, яғни бұл жағдайда «take it easy» идиомасы теріс коннотацияға ие, осыдан «абайлап жүр» аудармасы ең адекватты болып табылатынын ұйғарамыз. Алайда аудармашы түпнұсқаның экспрессивтілігін сақтап қалу мақсатында аудармада «абайла» деген мағынадағы «көзіңе қара» фразеологизмін қолданған.

«Жан» мультфильмінің мәтініне жасалған талдаудың нәтижесінде негізгі аудиториясы балалар болып табылатын анимациялық фильмдердің сценарист-жазушылары өз көрермендерінің жас ерекшеліктерін ескеріп, мультфильм тілі бүлдіршіндер үшін түсінікті болуын қамтамасыз ететіндеріне көз жеткіздік. Түпнұсқа мен аудармадағы фразеологиялық бірліктерге жасалған талдау балалар тарапынан мейлінше фондық білімді талап етпейтін фразеологизмдер қолданылғандығын көрсетеді. Мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалар негізгі білімді күнделікті қарым-қатынас процесінде алады, сондықтан олардың сөздік қоры негізінен ауызекі және бейтарап лексикадан тұрады. Бұл аудармашының кейбір үзінділерді аударуда фразеологизмдерді емес, қарапайым тіркестерді ұсынуын түсіндіреді, яғни балалардың мультфильмді оңай қабылдаулары қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, дөрекі эмотивтілікке ие фразеологиялық бірліктер жоқтың қасы екенін айта кеткен жөн, бұл мультфильмнің сөзсіз артықшылығы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Orero P. Topics in audiovisual translation. Amsterdam, Philadelphia: John Benjamins, 2004.
2. В.Е. Горшкова, Е.А. Колодина, Е.В. Кремнёв, И.П. Федотова, Е.О. Фирсова. Кинодиалог. Образ-смысл. Перевод : коллективная монография
3. Ждан В. Н. Эстетика экрана и взаимодействие искусств. М.: Искусство, 1986. 496 с.

4. Оганесова Ю. А. Выразительные средства телевизионных программ культурно-просветительской тематики: автореф. дис. ... канд. филол. наук. Воронеж, 2014. 27 с.
5. Аюпова Р. А. Фразеология и фразеография английского и русского языков. Казань: Казан. гос. ун-т, 2013. 269 с.
6. Merriam-Webster Dictionary - <https://www.merriam-webster.com/>
7. Cambridge Dictionary - <https://dictionary.cambridge.org/>
8. Online Etymology Dictionary - <https://www.etymonline.com/>
9. Dan Nosowitz. Why Are Bananas, Nuts, and Crackers the Only Foods That Say 'Crazy'? - <https://www.atlasobscura.com/articles/bananas-nuts-crackers-words-for-crazy>

УДК: 811.111

ТЕРМИНЫ БОЕВЫХ ИСКУССТВ И ОСОБЕННОСТИ ИХ ПЕРЕВОДА

Темиржан Амир Нурбекович

amih2609@mail.ru

Магистрант 2-го курса специальности Цифровое переводоведение (7М02313) ЕНУ им. Л.В.

Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – д.ф.н., профессор С.Ж. Тажибаева

Введение. Осознавая чрезвычайно разнообразный спектр, практики боевых искусств, а также исследователи пытаются описать специфические характеристики, которые охватывают этот вид спорта во всем мире. Проблема здесь заключается в том, как соединить исторически, культурно и лингвистически различные терминологические понятия, чтобы создать определение боевых искусств. В этой статье представлены и обсуждаются различные модели определения терминов из боевых искусств.

Основные проблемы:

Границы отображения боевых искусств

Что касается определения боевых искусств, существуют две конкурирующие фундаментальные позиции (П. Боумен 2019, 1-2). Первая, буквалистская позиция, которая рассматривает боевые искусства в соответствии с определенными историческими и феноменологическими критериями (например, практичность на поле боя). Вторая, дискурсивная позиция, которая следует более конструктивистскому подходу к определению боевых искусств в зависимости от субъективного восприятия участников.

Критика буквалистской позиции основана на том факте, что она классифицируется как слишком исключительная, поскольку не включает в себя виды деятельности, которые обычно расцениваются как боевые искусства, такие как дзюдо и айкидо. Буквалистское определение консервативно, так что может быть трудно включить новые дисциплины в спектр боевых искусств. Дискурсивная позиция, с другой стороны, подвергается критике как слишком релятивистская и либеральная, поскольку включает в себя как спортивные системы движений, так и медитативные, ориентированные на здоровье.

Типы человеческой экспрессивности в боевых искусствах

Рассмотрение типов человеческой экспрессивности в контексте боевых искусств представляет собой важный аспект изучения данного феномена. В дополнение к прямому сражению в его прямолинейной и серьезной форме, богатая культурная практика боевых искусств выходит за пределы воинственных действий, интегрируя их с другими формами человеческой экспрессии, такими как танец, музыка, и искусство. Этот многоаспектный характер боевых представлений продолжает существовать в настоящее время (К. Филипак, 2001, стр. 80).